



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

2015ж. 10 маусым № 278  
Павлодар қаласы

город Павлодар

**«Жасыл ел» студенттік еңбек  
жасақтары туралы**

«Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және студенттік еңбек жасақтарының қызметін ұйымдастыру бойынша облыс әкімінің тапсырмасын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қосымшаға сәйкес колледж оқушылары ішінен «Жасыл ел» студенттік еңбек жасақтарының жұмысы ұйымдастырылсын.

2. Колледж директорларына:

- оқу орындарында студенттік еңбек жасақтарының қызметін басшылыққа алу және үйлестіру жөнінде штаб құрылсын, жазғы кезеңге іс-шаралар жоспары әзірленсін;

- «Жасыл ел» еңбек жасақтарын құру және уақытша жұмыс атқаруына арналған қажетті құжаттарды дайындау, еңбек шарттарын бекіту жөніндегі шаралар қолдансын;

- техника қауіпсіздігі бойынша оқушыларды таныстыру және оқыту ұйымдастырылсын.

3. Жасақтар орналасқан жерде қауіпсіз жағдай құру мақсатында техникалық қауіпсіздік нормасы мен ережесін сақтау үшін жауапкершілік оқу орындарының директорларына жүктелсін.

4. Атқарылған жұмыстар туралы ақпаратты әр айдың 15-не дейін білім беру басқармасының тәрбие жұмысы және қосымша білім беру бөліміне ұсынсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары С.Н. Мұқановқа жүктелсін.

Басқарма басшысы



*Handwritten signature*

Б. Бексеитова

Таныстырылды *Handwritten signature* (С. Мұқанов)

Облыстық білім беру  
басқармасының  
2015 жылғы « 10 » *маусым*  
№ *178* бұйрығына  
1-қосымша

Оқу орындар тізімі

№	Оқу орнының атауы	Оқушылар саны
1.	Павлодар қызмет көрсету саласы колледжі	25
2.	Павлодар құрылыс және коммуналдық шаруашылық колледжі	25
3.	Павлодар техникалық сервис колледжі	25
4.	Павлодар теміржол колледжі	25
5.	Түсті металлургия колледжі	25
6.	Павлодар монтаждау колледжі	25
7.	Технологиялық колледж	25
8.	Машина жасау колледжі	25
9.	Химия-механикалық колледж	25
10.	Техникалық-экономикалық колледж	25
11.	Қазтұтыну Одағы Павлодар экономикалық колледжі	25
12.	Көлік және коммуникациялар колледжі	25
13.	Бизнес- колледж	25
14.	Б.Ахметов атындағы педагогикалық колледж	25
15.	Ақсу қара металлургия колледжі	45
16.	Ж.Мұса атындағы колледж	35
17.	Екібастұз политехникалық колледжі	50
18.	Гуманитарлық-техникалық колледж	
19.	К.Пішенбаев атындағы Екібастұз тау-кен техникалық колледжі	
20.	Екібастұз құрылыс-техникалық колледжі	
	<b>Барлығы</b>	<b>480</b>